

## Махамбет ауданы әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 702 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қаңтарда № 2847 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 8 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 8 қаулысымен.*

**РҚАО ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы", Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Жарлығының 2-тармағына сәйкес Махамбет ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Махамбет ауданы әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары бекітілсін (бұдан әрі - Қағидалар).
2. "Махамбет ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, аудандық бюджетten қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары Қағидалар мәтінінің мемлекеттік орган ғимаратында баршаға көрінетіндегі жерлерде орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Махамбет ауданы әкімі аппаратының басшысы Н.С. Қалиевке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Е. Жанабаев

Махамбет ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 702 қаулысына қосымша  
Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 702 қаулысымен бекітілген

## **Махамбет ауданы әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Махамбет ауданы әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" Жарлығына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес әзірленді.

### **2. Мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жалпы қағидалары**

2. Әкімдіктің мемлекеттік қызметшілері:

1) занылдық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтайды және оны дәйекті түрде жүзеге асырады, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтып, мемлекет институттарының беделін түсіретіндей іс-әрекеттер жасауға жол бермейді;

3) жеке және занды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін сактау мен қорғауды қамтамасыз етеді, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермейді, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолданады;

4) мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтайды және нығайтады;

5) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарайды;

6) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сактайды, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытады, адал, әділ, қарапайым;

7) мемлекет мұддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұрады;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі;

- 9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтайды;
- 10) мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленеді; өзінің қызметтік міндеттерін адал, турашыл және сапалы атқарады, жұмыс уақытын ұтымды пайдаланады;
- 11) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпейді, олардың ықпалынан тәуелсіз;
- 12) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбайды;
- 13) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермейді;
- 14) қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерден олардың қызметтік міндеттерінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпейді; басқа адамдарды құқыққа қайшы теріс қылықтар жасауға мәжбурлемейді;
- 15) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзы фактілерін болдырмайды және олардың жолын кеседі;
- 16) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмайды, сынағаны үшін қудалауға жол бермейді, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдаланады;
- 17) бағынысты қызметкерлерге қатысты негіzsіz айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермейді;
- 18) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек обьективті де анық мәліметтер береді;
- 19) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды әрі тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдаланады;
- 20) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынасты және сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал жасайды;
- 21) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттырады;
- 22) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстанады.

3. Мемлекеттік қызметшілер іскерлік этикетті сақтап, ресми мінез-құлық қағидаларын құрметтейді.
4. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мұдделеріне, оның ішінде өзінің оларға

көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбайды.

Басшы лауазымдар атқаратын мемлекеттік қызметшілер бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбурлемейді.

### **3. Мемлекеттік қызметшілердің сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы**

5. Мемлекеттік қызметшілер сыйбайлар жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыйбайлар жемқорлықпен жымдастан немесе сыйбайлар жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермейді.

Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан болатын сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кеседі.

6. Мемлекеттік қызметші, егер сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық туралы анық ақпараты болса, мұндай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады, оның ішінде жоғары тұрган басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлайды. Мемлекеттік қызметші өзін басқа адамдардың сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы да аталған адамдар мен органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлайды.

Мемлекеттік органның басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде мемлекеттік қызметшінің сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндірудің анық жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшіні, оның құқықтарын, занды мүдделерін кемсітетін қудалаудан қорғау жөнінде шаралар қолданады.

Мемлекеттік органның басшылығы сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтардың, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндірудің анық жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшіні, оның құқықтарын, занды мүдделерін іске асыруын қыыннататын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермейді.

7. Мемлекеттік қызметшілер жеке және занды тұлғалардың өз құқықтары мен занды мүдделерін іске асыруын қыыннататын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермейді.

8. Мемлекеттік қызметшілер мемлекетке экономикалық залалдың алдын алу жөнінде барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, жеке мүдделеріне және үшінші тұлғалардың мүдделерінде тексерулерге бастамашылыққа жол бермейді.

9. Мемлекеттік қызметшілер жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді

қолданбайды.

10. Мемлекеттік қызметшілері мұдделер қақтығысын болғызбау үшін шараларын қолданады.

11. Мұдделер қақтығысы туындаған ретте, яғни мемлекеттік қызметшінің жеке басының мұдделілігі және оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқаруының немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мұдделерінің арасында осы заңды мұдделерге зиян тигізетіндей қайшылық туындайтын жағдайда мемлекеттік қызметші оның жолын кесу және реттеу жөнінде" Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды.

#### **4. Мемлекеттік қызметшілердің көпшілік алдында сөйлеуі**

12. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- 2) жариялауга рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;
- 3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына этикаға сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдірмейді.

14. Мемлекеттік саясатты жүргізумен, мемлекеттік органның және мемлекеттік қызметшілердің қызметтерімен байланысты емес мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органның атынан жариялымдарына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдар жариялауды мемлекеттік қызметші жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырады.

15. Мемлекеттік қызметшіге сыйайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында негіzsіз айып тағылған жағдайда ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолданады.

#### **5. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы**

16. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстанады, қоғамға жат мінез-құлқы жағдайларына жол бермейді.

17. Мемлекеттік қызметшілер қарапайымдылық танытуға, көлік, сервистік және өзге де қызметтерді алу кезінде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп туғызбайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК